

Ордабасы ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 2024 жылғы 27 наурыздағы № 13/7 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 27 наурызда № 6491-13 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды. Күші жойылды - Түркістан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 2025 жылғы 24 қарашадағы № 37/3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 24.11.2025 № 37/3 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес, Ордабасы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ордабасы ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшері салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4% - дан 2% - ға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Мәслихат төрағасы

Б. Джумабеков